

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 178 (9240) | 1953 жылғы 5 сентябрь Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Жергілікті Советтердің социалистік жарысы

Еліміздің өткен есінде Қазақ ССР Министрлер Советінің «Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің республикалық социалистік жарысының 1953 жылдың бірінші жартысындағы қорытындылары туралы» қаулысы жарияланды. Республикада социалистік жарыс шарттарын орындауда жоғары көрсеткіштерге ие болған еңбекшілер депутаттарының 29 ауылдық, селолық және поселкелік Советтері Қазақ ССР Министрлер Советінің Қызыл Туларымен ақшалай сыйлықтарын алуға қандидат болды. Бұлардың ішінде біздің облысымыздан Булаев ауданындағы Чистов, Преснов ауданындағы Пришнім селолық Советтері бар.

Озат Советтердің табысының сыры неде? Оның сыры мынада: олар Советтердің бүкіл ұйымдастыру-бұқаралық жұмысын социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерді мезгілінде, мүлтіксіз жүзеге асыруға ұмтыла отырып, ауылшаруашылық қызметкерлерінің еңбекке деген ынталарын үнемі арттырып отырды. Сөйтіп, шаруашылық және мәдени құрылыста айтарлықтай табыстарға ие болды.

Мәселен, Чистов селолық Советінің (Булаев ауданы) атқам, тұрақты комиссиялары, депутаттары мен активисттері ұйымдастыру-бұқаралық жұмысқа қызу араласты. Аткамнің мәжілістері мен Советтің сессияларында социалистік жарыстың барысы туралы мәселелер жиі қаралып, жұмыста кездескен кемшіліктерді жою жөніндегі шаралар кезінде жүзеге асырылды.

Осының нәтижесінде селолық Совет осы жылдың бірінші жартысында жоғары көрсеткіштерге ие болды. Мұнда көктемгі егіс 10 жұмыс күнінде өткізіліп, жоспардан тыс 701 гектар егін себілді. Бітік егін өсірілді. Мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары — сыйыр малынан 90 процент, қой-ешкіден және шошқадан артығымен орындалды. Мал қоралары қысқы маусымға толық әзірленді. Сайлаушылардың 17 аманатының 13-і орындалды. Көзір Советтің қамтуындағы совхозда мал азығын дайындау, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары ұйымшылдықпен жүргізілуде. Осы сияқты, Пришнім селолық Советі де (Преснов ауданы) осы жылдың бірінші жартысында социалистік жарыста қабыл-

талқыланған емес. Социалистік жарыстың жариялылығы ұйымдастырылмайды. Совет атқамдері мен тұрақты комиссиялардың бұқарамен байланысы жоқтың қасы. Тек осы себепті аталған ауылдық, селолық Советтер бірінші жарты жылдың қорытындысында шаруашылық және мәдени құрылыс саласындағы социалистік міндеттемелерін орындай алмады. Бұған еңбекшілер депутаттары Совет аудандық Советінің атқамі тікелей кінәлі.

Өйткені, аудандық Советтің атқамі бірқатар ауылдық, селолық Советтерде социалистік жарыстың барысы мүлдем қанағаттанғысыз өкпендігіне қарамастан, бұл іске жаңды басшылық жасап, кезінде қажетті көмек көрсетуді естен шығарды. Мұның өзі Советтердің социалистік жарысын жете бағалаушылық болып табылады. Бұған төзуге болмайды. Ауыл шаруашылығының алдында тұрған зор міндеттер, еңбекшілердің өл-ауқатын және мәдени дәрежесін арттыра беру мақсаты осыны талап етеді.

Ауылшаруашылық қылының жақталуына көп уақыт қалған жоқ. Ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің айбынды міндеті — өздерінің жұмыстарында кездескен кемшіліктерді дереу жою арқылы 1953 жылдың екінші жартысында социалистік жарыста қабылданған барлық міндеттемелерді мүлтіксіз орындау. Олай болса, Советтің барлық буыны — атқару комитеті, тұрақты комиссиялары, барлық депутаттар мен активистер ауылшаруашылық қызметкерлерін еңелеген жігермен еңбек етуге жұмылдырулары қажет. Бұл үшін Советтердің сессияларында жарыстың барысы жөнінде мәселе үнемі талқыланып, социалистік міндеттемелерді орындаудағы кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгіленуге тиіс. Бірақ, мұшымен де іс бітпейді. Советтің қарарының жүзеге асырылуын ұйымдастыру керек.

Советтің депутаттары мен активистері колхоз бен совхоз өндірісінің тағдыры шешіліп жатқан жерде — егіс бригадалары мен мал фермаларында және басқа жұмыс участоктерінде өздерінің еңбектегі үлгісімен колхозшылар мен жұмысшыларды шаруашылық міндеттері орындауға жұмылдыра білулері керек.

Сонымен қабат, барлық жерде социалистік жарыстың жариялылығын кеңінен ұйымдастыратын болуымыз керек. Егіс

Бейбітшілік соғысты жеңеді!

Москваың Сталин атындағы «автомобиль заводның бірінші құрал-сайман цехының үлкен үйінің қабырғасына әшекейлі транспарант ілінген. Оған бүкіл совет адамдарының ойы мен сезімі білдіретін — «Бейбітшілік соғысты жеңеді!» деген сөздер жазылған.

Үшінші құрал-сайман цехының бастығы Кудинов жолдас заводтың төрт цехы коллективінің жыйналысын ашты. Ол автозаводтың тәрбиеленушісі, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің мүшесі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты С. В. Давыдовқа сөз берді.

Давыдов жолдас барлық халықаралық алауыздықтарды бейбітшілікпен реттеу үшін күрестің жаңа жолдарын белгілеген және бейбітшілікті жақтаушылар майданының кеңейіп, нығайуына көмектескен Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапештте болған сессиясы туралы айтты.

— Барлық елдердің халық бұқарасы, — деді Давыдов жолдас, — мемлекеттер арасындағы талас мәселелерді келіссөздер жүргізу жолымен шешуді ынталы жүректен тілейді.

Кореяда уақытша бітімнің жасалуы бейбітшілікті жақтаушылардың үлкен жеңісі болып табылады. Бұл уақытша бітім — ең алдымен, бейбітшілік сүйгіш адамзаттың соғыс еркін тұтандырушыларға қарсы күресінің нәтижесі. Берлиндегі арандатушылықтың күйреуі бейбітшілікті жақтаушылардың үлкен табысы болып табылады.

Совет халқы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапештте болған сессиясының қарарын қызу қуаттайды. Совет адамдары халықаралық жағдайлардың дамуы үнемі бақылап, бейбітшілікті нығайту үшін қажеттінің бәрін бетеңді.

Біздің халқымыз Совет Үкметінің халықтарды жақындастыруға, достық, мәдениет, экономикалық, ғылыми байланыстарды жақсартуға және дамытуға бағытталған бейбітшілік саясатын қолдап, мақұлдайды.

3 сентябрьде, Москваың «Пролетарский труд» заводының жұмысшылары, депутаттары мен активисттерінің жыйналысында, олардың басты сөзінде, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің қажеттілігін атап өтті. Олардың басты сөзінде, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің қажеттілігін атап өтті. Олардың басты сөзінде, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің қажеттілігін атап өтті.

Барлық елдердің бейбітшілік жақтаушыларымен бірге совет халқы халықтардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруін, олардың арасында экономикалық және мәдени ынтымақты өркендетуді жақтап келді және жақтап отыр.

Совет Одағының ішкі саясаты, халықтардың өл-ауқат дәрежесін үздіксіз арттыру саясаты оның бейбітшілік сүйгіштігінің сипаттамасы болып табылады. Елдің еңбекшілерінің тұрмысын жақсартуға сәйкес, бұл саясаттың мақсаты осы. Бұл мақсат әрбір адам ниетті адамға түсінікті.

Совет халқы Совет Үкметінің осы жылғы 15 августта Франция, Англия және АҚШ үкметтеріне герман проблемасын бейбітшілік жолмен шешу туралы мәселе жөніндегі жолдаған нотасындағы ұсыныстарды бірауыздан қолдайды. Герман Демократиялық Республикасы мен Совет Одағы Үкметтері арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесі совет халқының жаппай қолдауын табуға. Бұл келіссөздер бейбітшілік үшін күреске қосылған ірі үлес, совет және герман халықтарының бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік мүддесі жолындағы достығын нығайтудың аса маңызды кезеңі. Бұл келіссөздердің барысында Совет Үкметі герман мәселесін оділеттілікпен шешуге, демократиялық және бейбітшілік негізде Германияның бірігін қалпына келтіріп, онымен бітім договорының тез жасалуына жетісуге бел байлағандығын айқын көрсетті.

Совет адамдары Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің барлық халықаралық мәселелерді келіссөздер жүргізу арқылы бейбітшілікпен реттеу жолындағы күресті кеңейту жөніндегі қарарларын кезінде көтерілген мәселе деп есептейді. Біз мұны нақтылы ісімізбен қолдаймыз.

Слесарьлардың бригадирі Спиридонов жолдас бүкіл совет адамдары сияқты үшінші құрал-сайман цехының жұмысшылар коллективі де бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің кеңейтілген пленумының қарарларын терең қанағаттанғандық сезіммен мақұлдайтындығын айтты.

Озат жұмысшы — шлифовальщик комсомолец Уколов жолдас толқып сөз сөйледі.

Бейбітшілік келіссөздердің рухы салтанат құрапын болсын!

реттеуге бағытталған қарарларын қызу мақұлдайды және қолдаймыз, — деп мәжілісті С. В. Давыдов жолдас өзінің еңбекімен

Жыйналыс бірауыздан қарар қабылдады, онда былай делінген:

«Біз Совет Үкметінің бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті нығайтуға, барлық елдердің халықтары арасындағы экономикалық және мәдениет ынтымақтастықты дамытуға бағытталған саясатын қызу мақұлдаймыз және қолдаймыз.

Бізге, реакция мен фашизмнің қара күштерімен күрестің барлық ауыртпалығын басамыздан өткізген совет адамдарына, экономикамызды өркендету үшін, халықтардың үздіксіз өсіп отырған материалдық және мәдени қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру үшін бейбітшілік өмірлік қажет болып табылады.

Біз, құрал-сайман цехтарының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапештте болған сессиясының, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарларын қолдай отырып, өзіміздің барлық күшімізді және қабілетімізді бәсеңші бесжылдықтың үшінші жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындауға зор ынта-жігермен жұмысқа міндеттенеміз. Сөйтіп, біз бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті нығайту ісіне өзіміздің үлесімізді қосамыз.

Біз туысқан Коммунистік партияның төңірегіне топтасқан совет халқының бұдан былайғы жерде де бейбітшілік үшін күресуші бүкіл прогресшіл адамзаттың авангарды бола беретіндігіне қатты сенім білдіреміз».

Сол сияқты, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапештте болған сессиясы мен бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының жұмыс қорытындыларына арналған жыйналыстар Москваың труба жасау заводында, «Динамо» заводында, былғары комбинатында және «Буревестник» фабрикасында болып өтті.

3 сентябрь (СОТА).

Облысымыздың егін даласында

КЕМШІЛІКТЕРГЕ ТӨЗІП ОТЫР

Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында егін жыйнау мен астық дайындаудың қарқыны баяу. Оның негізгі себебі, колхоз басшыларының егін жыйнауға қолдағы мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануды қамтамасыз етеуі болып табылады. Олар қырманда бастырылған астықты тазалау, кептіру жұмыстарын тыңғылдықпен ұйымдастыра алмай келеді. Көзір колхозда астық тазартатын машиналар бірнеше күннен бері жұмысқа қосылмай босқа тұр.

Колхозда 6 жабық қырман салынуға тиіс еді. Бірақ, бұл жұмыс кезінде қолға алынбады. Осының салдарынан орақ басталғанда колхозда бірде-бір жабық қырман дайын болмады. Жабық қырмандағы жоқтығынан жаңбырлы күндері астық далада жатып, бүлінуде. Мұның өзі, астық тазалау жұмыстарын үздіксіз жүргізуге де үлкен бөгет жасап отыр.

Колхозда Сартомар МТС-нің 9 комбайны егін жыйнайды. Алайда, колхоз басшылары комбайндар қуатын толық пайдалануға қажетті жағдайларды жасамаған. Комбайнның астық мезгілімен қабылдамайды. Өйткені, бункерден астық алуға күш-көлік жеткіліксіз бөлінген. Бұл бөлінген желіктер комбайн бункерінен астықты қырмандаға тасып үлгері алмайды. Комбайншылар астық тасығын көлік уақытында желмегендіктен бастырылған астықты аңыз үстіне төгеді. Бұл астықты ысырапқа ұшырауына өкеліп соғуда.

Міне, осы сияқты кемшіліктерге жол берілуі себепті колхоз егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыруда кәсіпсіз артта қалып отыр. Колхоз басшылары бұл кемшіліктерді дереу жойып, іске жаңа қарқын тудызып, егіннің мерзімінде, ысырапсыз жыйналуын қамтамасыз етулері керек.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

ҚЫЗУ ҚАРҚЫНМЕН

Бітік шыққан егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысқа қосылған Жамбыл атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) егіншілері еңбек қарқынын өсілеп арттыруда.

Егін орауда комбайншылар Е. Смағұлов, Ө. Райсин алға келеді. Олар комбайнның жұмыс өнімділігін арттыра отырып, күн сайын 25-26 гектар егін жыйнап, күн

даған міндеттемелерін жүзеге асыруда республика бойынша көрнекті орын алды.

Бұл екі селолық Советтен басқа социалистік жарыс шартын орындауда облыс бойынша жақсы нәтижелерге ие болып тәле шатқан бірнеше Советтер бар. Бұлардың қатарына Преснов ауданындағы Трещик, Благовещенга, Пришим ауданындағы Азылжөкер, Полудень ауданындағы Токшин селолық Советтерін қосуға болады.

Алайда, кейбір жекелеген Советтердің бүгінгі жұмысы қанағаттанғысыз болып отырғанын көреміз. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы және мұнан кейінгі жұмыстың нәтижелері облысымыздағы 158 ауылдық, селолық, поселкелік Советтердің басым көпшілігі республикалық социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін орындауда төзгісіз кейін қалғанын көрсетіп отыр. Көп жерлерде социалистік жарыс шарты формальді жасалған, оның орындалуы жөнінде Советтердің тарапынан ешқандай ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстар жүргізілмейді.

Мұндай төзгісіз жағдай Совет, Петропавл, Пришим, Кенюхов аудандарының бірқатар Советтерінен кездеседі. Мысалы, Совет ауданындағы Молотов, Көктерек, Ивановка ауыл-селолық Советтері барлық жұмысты тек социалистік жарыс шартына жасаумен тындырып келді. Бұларда жыл бойы бригадалардың, фермалардың және жеке колхозшылардың арасындағы социалистік жарыстың барысы бірде-бір рет тексеріліп, оның нәтижесі атқомнің мәжілісінде немесе Советтің сессиясында

бригадалары мен мал фермаларында социалистік міндеттемелердің орындалуы көрсеткіш тақталарына жазылып, өндірістік жыйналыстарда талқылануға тиіс. Алдыңғы қатарлылардың озат тәжірибелері, үгітшілердің әңгімелері, жауынгерлік диалогтар мен қабырға газеттері арқылы кеңінен насихатталуы керек.

Советтердің социалистік жарысты кеңінен өрістету жөніндегі бүкіл жұмысы егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын үлгілі өткізу, мал қыстау маусымына мұқият әзірлену, қоғамдық малды мол жемшөп қорымен қамтамасыз ету, зәб жырту жоспарын орындау, ақша қаражатын жыйнау, мектептер мен ауруханаларды, мәдени-ағарту мекемелерін қысқа шететін отынмен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындау мақсатына бағындырылуы қажет.

Еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқомдері ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің социалистік жарысына жалпылама емес, нақтылы басшылық жасап, жұмыста орын алған кемшіліктерді дереу жою жөнінде қолма-қол көмек көрсетіп отыруға міндетті. Аудандық ұйымдардың басшы қызметкерлері жергілікті жерлерде социалистік жарыс мәселесімен жиі араласып, ауылдық, селолық Совет қызметкерлерін жұмыстың практикалық әдістеріне үнемі үйретіп отырулары қажет. Осылай болған күнде ғана ауылдық, селолық Советтердің шаруашылық мәдени құрылысқа басшылық ролінің арта беруі қамтамасыз етіледі.

Социалистік жарыста озаттарға тене-лейік!

Вьетнам жастары делегациясының Алматыдан жүріп кетуі

Вьетнам жастарының делегаттары Алматыда үш күн қонақ болды. Олар Қазақстан астанасының тарихи жерлерімен танысты — жаңа архитектуралық ансамбльдерді, жаңа тұрғын және өкімшілік үйлерінің құрылысы алаңдарын көрді, кәсіпорындарында, оқу орындарында, мекемелерде болды. Вьетнам жастары Алматы консерваториясында Қурманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрінің артистерімен тағы да кездесті, олар оркестрмен жастардың Бухаресте болған Бүкіл дүниежүзілік IV фестивалінде танысқан болатын.

Делегаттар «Жамбыл» түсті кинофильмін көрді, Абай атындағы Мемлекеттік акаде-

миялық опера және балет театрында композитор Спадавеккидің «Бақыт жағалауы» балетінде болды.

Алматы жастары өздерінің қонақтары — батыр вьетнам халқының өкілдеріне отан тәуелсіздігі жолындағы, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолындағы күреске жаңа табыстарға жетуге тілектестік білдірді.

3 сентябрьде Вьетнам жастары Москваға ұшып кетті. Аэродромда қонақтарды Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің қызметкерлері, қаланың комсомол активі шығарып салды.

(ҚазТАГ).

КВОС-тың XI пленумының қорытындылары бойынша кәсіподақ жыйналыстарын өткізу туралы

КВОС Президиумы кәсіподақ советтерін қалалар мен аудандарда 10 сентябрьге дейін кәсіподақ активінің жыйналыстарын өткізуге, оларда КВОС-тың XI пленумының қарарын талқылауды міндеттеді.

Кәсіподақтардың орталық, республикалық, облыстық, фабрика-заводтық,

жергілікті комитеттері 15 сентябрьге дейін кәсіпорындар мен мекемелерде КВОС-тың XI пленумының қарарына арнап жұмысшылар мен қызметшілердің жыйналыстарын өткізуге және бұл қарарды орындау жөнінде шаралар белгілеуге тиіс.

(СОТА).

ЖЕКЕ АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН ҮЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

ТБИЛИСИ. (СОТА). Мұнда жеке адамдарға арналған тұрғын үй құрылысы Вакте, Сабуртулода және қаланың Ленин ауданында соңғы жылдары мемлекет көмегі арқасында еңбек-

шілер салған үйлердің тұтас кварталдары пайда болды. Үстеміздегі жылдың 7 айы ішінде жеке үйлер салушы адамдар мемлекеттен 8.700 мың сом мөлшерінде қарыз алды.

лері, техниктері мен қызметшілері Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапештте болған сессиясының және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің жуырда болған кеңейтілген пленумының қарарларын талқылауға жыйналды.

Жыйналысты заводтық комитет председателінің орынбасары Н. А. Кондрашов ашты. Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының жұмысы және қарарлары туралы завод партия ұйымының секретары П. К. Манько хабар жасады.

Бас механиктің орынбасары инженер Н. А. Сахаров мінбеге көтерілді.

— Біз Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапештте болған сессиясының мемлекеттер арасындағы талас мәселелерді келіссөздер арқылы бейбітшіліктен

мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің тірегі — социалистік Отанымның және Совет Одағының қуатын нығайта беремін.

Цех мастері Ф. Г. Мухин жолдас сөз алды.

— Біз соғысты тілемейміз, — деді Мухин жолдас. — Біз, совет адамдары, Совет Үкметінің бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға, халықтар арасындағы достықты нығайтуға бағытталған бейбітшіл сыртқы саясатын шын жүректен қолдаймыз.

Жыйналыста жастардың өкілі токарь В. Н. Филатов жалынды сөз сөйледі.

Кәзіргі уақытта бейбітшілік жолындағы қажырлы және табанды күрес арқылы жеңіске жетуге болатындығына халықтардың көзі жетті, — деді ол. — Кореяда уақытша бітімге қол қойылуы бұл күрестің

Совет Одағының халықтары бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға түбірлі мүдделі. Тек бейбітшілікпен даму жағдайында ғана коммунистік құрылыс жоспарлары жүзеге асыруға болады. Бейбітшілікті жақтаушылардың міндеті — халықаралық мәселелерді бейбітшілікпен реттеуді болдырмауға әрекеттенгендердің бірлығын қажымай әшкерелеп отыру.

Жыйналыста қабылданған қарарда «Пролетарский труд» заводдың коллективі Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапештте болған сессиясында қабылданған келіссөздер жүргізу арқылы халықаралық мәселелерді реттеу пайдасына арналған Декларацияны бірауыздан қолдады.

(СОТА).

Ғ. МАЛДЫБАЕВ.



Мемлекеттік кредиттің есебінен

Қазақстан колхоздарының бөлінбейтін қорлары өсіп келеді. Сонымен бірге, қоғамдық шаруашылықты нығайтып, онан әрі өркендетуге арналған күрделі қаржы үздіксіз көбеюде. Ауылшаруашылық банкінің Қазақ республикалық конторының күрделі қаржы есептерінен быйыл колхоздарға өткен жылғы осы кездегіден алты миллион сом ақша артық берілді.

Алматы облысы, Алматы ауданының Мичурин атындағы колхозының қоғамдық шаруашылығы жылдан жылға нығайтып келеді. Быйыл осы колхозда мал шаруашылығын өркендетуге 114 мың сом қаржы жұмсалды.

Республиканың колхоздары бесінші бесжылдықтың басынан бері 351 миллион сом ұзақ мерзімді кредит алды, мұның өзі бұдан бұрынғы бес жылдағыдан 40 миллион сом дерлік артық. Быйылғы жылдың өзінде ауылшаруашылық банкі колхоздарға 93 миллион сом ұзақ мерзімді қарыз берді.

(ҚазТАГ).


Механикаландырылған орман шаруашылықтары

Қазақстанда механикаландырылған тұңғыш бес орман шаруашылығы — Батыс Қазақстан облысында Орал, Павлодар облысының қарағай ормандарында Шалдай, Долон және Беген, Семей облысында Белағаш орман шаруашылықтары ұйымдастырылды.

Механикаландырылған орман шаруашылықтары ең жаңа техникамен — қуатты дизельді тракторлармен, топырақ өңдейтін, тұқым себетін, ағаш отырғызатын машиналармен жабдықталуда. Әрбір шаруашылықтың жанында машина-трактор мастерскойы құрылып жатыр.

Жаңа орман шаруашылықтары қамтылған ормандардың жалпы көлемі 200 мың гектардан асады.

(ҚазТАГ).



Іле Алатауындағы Ыссық көл — Алматы еңбекшілерінің демалатын сүйікті жері.

СУРЕТТЕ: Ыссық көлдің жағасында суретті түсірген П. Степанов. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Көпшілік тұтынатын товарлар мінсіз сапалы шығарылуда

Алматының таразы заводы сегіз айлық өндіріс жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Таяуда ғана кәсіпорын алюминийден жасалған бидондар мен спорт конькилерін жасайтын, ал, кәзір завод бұлардан басқа әртүрлі мебельдер, таба, темір қасықтар, балалар ыдыстарын шығарады.

Заводтың коллективі өнімнің сапасын жақсартуға айрықша көңіл бөлуде. Заводтың бас инженері Прокофьев жолдас Ленинградтың кәсіпорындарында болып, онда никель жалатылған жылытр бұйымдар жасаудың технологиясымен танысты. Бұйымның беріктігін арттырып, оның сыртқы түрін жақсартатын мұндай никель жалату әдісін Алматы металлшы-

лары кәзір конькилер мен мебельдер жасау ісінде қолдануда. Бұл жаңалық жылына 16 мың сом қаржы үнемдеп береді. Конькилер өсем жабдықталған қораптарға оралағын болды.

Өнімнің сорттылығын арттыру жолындағы күреске кәсіпорынның бүкіл коллективі қатысып отыр. Осының нәтижесінде кәзір барлық өнімнің 80 проценті бірінші сортпен шығарылады. Ал, жылдың алғашқы жартысында бұйымдардың 29 проценті ғана бірінші сортпен шығарылған болатын.

Быйыл завод өнімді өткен жылғыдан біржарым миллион сом мөлшерінде артық шығарады.

Механизаторлардан колхозшылар да қалыптасып емес. Н. Мұсабаева, С. Салпықбаев, К. Есенбекова жолдас-тар күн ешын 100 центнер астық тазартады. Колхозшылар М. Сейтқожина, М. Камалиева комбайннан түскен астықтың қырманға тез жеткізілуіне, оның бір дөнің де шашылмауына жетпей жүр.

Колхозшылар мен механизаторлардың қажырлы еңбек етулерінің нәтижесінде колхоз мемлекетке 5000 центнерден астам астық тапсырып, бірінші сентябрьге дейінгі жоспарды едәуір асыра орындады.

Колхоз өкілдері ұйымшылдықпен қажырлы еңбектің үлгілерін көрсете отырып, қызу қарқынды бәсеңдетпей бұдан былай да зор табысқа жете беру үшін күресуде.

Ғалымдардың құрылысшыларға көмегі

Қазақ ССР Ғылым академиясының архитектура, құрылыстар және құрылыс материалдары институтының құрылыстық керамика лабораториясы Қарағанды көмір бассейнінің террикондарындағы жанған кен жыныстарын құрылысқа арналған кірпіш жасауға пайдалану жөніндегі зерттеулерді аяқтады.

Күйдірілмеген әдіспен жасалған террикондық кірпіш күйдірілген қызыл кірпіштен анағұрлым берік, ал өзіндік қуы екі есе төмен болып отыр. Ол, сонымен қатар, құрылыстың сыртын қаптайтын тамаша материал бола алады. «Қарағандашахтастрой» комбинаты үнемді құрылыс материалының жаңа түрін өндіруді ұйымдастыруға кірісті.

Институттың ғалымдары жергілікті саздақ сарытопырақтан іші қуыс құрылыс блоктарын жасау әдісін белгіледі. Тұрғын үйлерді және мәдени-тұрмыс мекемелерінің үйлерін әсемдейтін архитектуралық керамиканың формалары жасалуда. Институт «Қазақстан қалаларының архитектурасы» деген монография жасауға кірісті.

(ҚазТАГ).

Украинның комбайншылары Ертіс бойында

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Украинаның Николаев және Херсон облыстарының совхоздарынан егін жыйнауға көмектесу үшін Ертіс бойына келген комбайншылардың бір тобы 28 августа Лебяжье ауданының колхоздарына жүріп кетті. 75 механизатор Ертіс ауданына жіберілді. Бұлардың ішінде «Сталинец—6» комбайнның жүргізуші Денисенко жолдас бар. Ол Херсон облысының Чаплин совхозында 17 күннің ішінде 590 гектар егін жыйнап, 8.800 центнер астық бастырған. Таңдаулы механизатор Қазақстанның егіс даласында да жұмыс қарқыны үдете түсуге міндеттенді.

Украинаның комбайншылары Максим Горький, Баянауыл аудандарының колхоздары мен совхоздарында да жұмыс істеп жатыр.

НАСИХАТШЫЛАРҒА КӨМЕК

Ленинизм—еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің негізі

Партияның XIX съезінің тарихи қарарлары бүкіл совет халқын коммунистік құрылыстың зор программасымен қаруландырып, коммунистердің ұлы партиясының идеялық тұрмысындағы жаңа тарихи кезең болып отыр. Социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту дәуіріндегі партияның басты-басты міндеттерін белгілеп, съезд партияның ең бірінші дәрежелі міндеті болып отырған идеологиялық жұмыстың, халқымызға коммунистік тәрбие беру жұмысының орасан зор маңызын ерекше атап көрсетті.

Социалистік революцияның данышпаны, маркстік ғылымның көмеңгері В. И. Ленин орынтқан және тәрбиелеп өсірген Коммунистік партияның күші—оның өзінің бүтін жұмысына ең озат теорияны—марксизмді-ленинизмді басшылыққа алып, коммунистік тәрбиенің негізі етіп отырғандығында. Партиямыз идеологиялық, халқымызға коммунистік тәрбие беру жұмысының дәрежесін үнемі арттыруда, кадрларды, барлық коммунистерді, совет халқын ленинизм теориясымен, қоғамдық даму заңдары білімімен қаруландыруда, халқымызға коммунистік тәрбие беруде.

Идеологиялық жұмыс, кадрлардың идеялық-саяси дәрежесін арттыру, оларды марксизм-ленинизм ілімін менгеру мәселелеріне, халқымызға коммунистік тәрбие беру мәселелеріне партиямыз әрдайым айрықша көңіл бөліп келеді және бөледі.

Марксизм ғылымы негізінде Ленин коммунистердің қаһарман партиясын құрды, оны коммунистік интернационализм рухында тәрбиелеп, шыңдап, қоғамның экономикалық-әлеуметтік-саяси бейнесін өзгерте алатын, дүние жүзінде бірінші социалистік державаның рухандырушысы, ұйымдастырушысы және басқарушы күші дәрежесіне жеткізді. Ленин дүние жүзінде бірінші социалистік мемлекеттің негізін қалады, бұл мемлекет кезір дүние жүзінде бейбітшілік, демократия мен социализмнің сенері мен сүйенер тірегі болып отыр. Сөйтіп, тарихи қысқа мерзім ішінде совет халқын социализмнің бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістеріне жеткізді, елімізде коммунистік қоғамды орнатудың кең программасымен қаруландырды, ұлаң-байтақ Отанмызды мейендейтін барлық халықтардың бостандығы, тәуелсіздігі және бақытты өмірі қамтамасыз етілді.

Коммунистік партияның коммунизм жолындағы күресте үздіксіз дүниежүзілік тарихи табыстарға жете беруінің себебі—марксизм-ленинизм ғылымын басшылыққа алып, өзінің практикалық ісінде мүлтіксіз қолданып, жүзеге асырып отырғандығы, —совет халқын коммунистік тәрбие беріп, оларды коммунистік құрылысқа саялы, белсенді, қатынастыруының арқасы. «Күмән жоқ,—деді И. В. Сталин,—бұл ғылымнан айнымасак, бұл құралдан айнымасак, онда жұмыста табысқа жете бермеміз».

В. И. Ленин біздің мемлекетіміз бүкіл халқымыздың саналылығымен күшті деп

сі болып табылады. Елімізде миллиондаған адамдардың социалистік жарысының барысында адамдардың еңбекке, социалистік меншікке жаңаша көзқарасы тәрбиеленуде, еңбекшілердің творчестволық ынта-жігері мен белсенділігі барған сайын артуда.

Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі жылдарда халқымызды ленинизм негізінде тәрбиелеу жөнінде көп жұмыстар істелді. Елімізде ескі буржуазиялық ұлттардың дамуына тән ұлттардың бір-біріне сенбеушілігі, ұлт шарашылығы жойылды, жаңа социалистік ұлт құрылды. Елімізде коммунизм құрылысының барысында социалистік ұлттардың туысқандық мызғымас достығы мен өзара көмектесуі нәтижесінде советтік патриотизм мен халықтардың интернационалдық ынтымағы қуатты көзғаушы күш болып қалыптастып, нығайтып өсті. Социалистік ұлттардың достығы мен өзара ынтымағы социалистік мемлекетіміздің қуатты күші мен жеңілмейтіндігінің қайнар бұлағының бірі болып табылады. Партиямыздың үздіксіз қолданып келген күшті қаруы—сын мен өзара сын ескі мен жаңаның арасындағы күресте заманы өткен, коммунизмге қарай дамуымызға кедергі болатын ескілікті батыл жоюға көмектесіп келеді, алдыңғы қатарлы творчестволық жаңалыққа жол салып келеді, совет адамдарының социалистік Отандың алаңындағы борышын өтеуде халқымызды жоғары коммунистік саналылық және талаптық рухында, ісіндегі кемшіліктер мен ескіліктің қалдықтарына тазбеу рухында, қырағы болу рухында тәрбиелейді.

Ленинизм ғылымы адамдардың сана-сезіміндегі капитализм қалдықтарын толық жоймайынша, олардың сана-сезімін жоғары дәрежеге көтерімейінше коммунизм орнатуға болмайды деп үйретеді. Еңбекке, социалистік меншікке, қоғам мүдделерін сақтауға, ауылшаруашылық артелінің үлгілі Уставын мүлтіксіз жүзеге асыруға коммунистерше қарамаушылықтың әртүрлі көріністерімен партиямыздың үздіксіз күрес жүргізетін себебі, міне, осында. Совет адамдарын еңбекке, қоғам игілігіне коммунистік тұрғыдан қаруға тәрбиелеу және капитализмнің адам сана-сезіміндегі қалдықтарын жою—совет қоғамының коммунизмге жету жолымен ойдағыдай өркендеуінің шешуші шарттары болып табылады.

Капитализмнің адам сана-сезіміндегі қалдықтары, —тәртіпсіздік, қоғамдық, социалистік меншікке немқұрайды қарау, қоғам байлығын талаң-таражаға аялу, оған үстірт, салақ қарау, мемлекеттік жоспарларды орындаудағы жауапсыздық пен саяқтық сыяқтылары совет халқының коммунизмге қарай алға басыуына кедергі болады.

Социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту жағдайында адам сана-сезіміндегі бұл қалдықтардың жаны сірі болып, толық жойылмай, әлде де болып отырғандығының себебі—адамдардың сана-сезімінің олардың үздіксіз өсіп келе жатқан экономикалық жағдайынан кейін қалып отырғандығында болып отыр.

Партияның орасан зор ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысы арқасында ленинизм идеялары тек совет халқының санасын менгеріп, елімізде екі ұлы күшті—халық пен коммунизмді біріктіріп тана отырған жоқ, бүкіл халықаралық аренада бейбітшілік, демократия және социализм үшін күрескерлердің санасына барған сайын күшті ықпалын жасап, миллиондаған жай адамдардың санасын да менгеруде. Коммунистік партия тәрбиелеген совет адамдары күнделікті тұрмысы мен жұмысында өздерінің қаһармандық қыймылдары мен творчестволық әрекеттерін коммунизм орнатудың ұлы мақсаттарына бағындыруды үйренді, бүкіл дүние жүзі прогресшіл адамзаты алдында өздерінің пролетарлық интернационалдық міндеттерін ұлы аброймен орындауды үйренді.

Ленинизм—еңбекшілердің ұлы интернационалдық ілімі ғана болып отырған жоқ, оның 7е жүзіне асуының үлгісі болып отыр. Буржуазия өзінің дүниеге келу, даму тарихында ұлт мәселесін шеше алмады, халықтардың интернационалдық бірлесу идеясын жүзеге асыра алмады және шешуі мүмкін де емес. Оның күш жұмсау, халықтарды жаулап алып, тонау, кіріптарлыққа салу, халықтар мен ұлттар арасында ұлт өшпенділігін туғызу негізінде құрастырған көп ұлтты мемлекеттік құрамалары тарихтың белгілі даму жағдайының қойған сынғына шыдамай, ыдырап тарап кетіп отырды. Империализм дәуірінде ұлттық-отарлық қайшылықтар империализмді ірітін-шірітетін негізгі қайшылықтардың біріне айналды.

Ұлт мәселесін шешудің дұрыс жолын тапқан, оны данышпандықпен интернационализм принципі негізінде жүзеге асырған Коммунистік партия ғана болды. Біздің партия ұлттар ынтымағы мен интернационализм принципі тек социализм принциптері негізінде ғана, қанаушы талаптарды жою, капитализм үстемдігін құлату, пролетариат диктатурасын орнату негізінде ғана жүзеге асады деп көрсетті. Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен жеңістен-жеңіске жетіп, кезір бесінші бесжылдық жоспардың міндеттерін орындап, коммунистік қоғам орнатып жатқан біздің көп ұлтты Советтік мемлекетіміз, халқымыздың барған сайын нығайтып отырған ұлы достығы, интернационализмі, советтік патриотизмі мен берік ынтымағы ленинизм ғылымының дұрыстығын толық дәлелдейді.

Кезір бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік, демократия және социализм лагерін бастап отырған көп ұлтты Совет Одағы бүкіл дүниежүзінде бейбітшілікті нығайту жолындағы күрескерлердің авангарды және сүйенері, сенер тірегі болып отыр.

Совет Одағының ішкі және сыртқы саясаты бүкіл прогресшіл адамзаттың сүйіспеншілігі мен қуаттауына ие болып отыр.

Совет халықтарының табыстары неғұрлым елеулі болса, оның жауларының халі неғұрлым нашар болса, жау солғұрлым

интернационализм рухында және барлық елдерді еңбекшілерімен туысқандық байланыстар орнату рухында тәрбиелеу, Советтік Отанды оның жауларының агрессиялық қыймылдарынан белсене қорғауды барынша нығайта беру.

Партияның XIX съезінің қарарларында, СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларда коммунизм құрудың аса ұлы маңызы міндеттері көрсетілген. Бұл міндеттер халқымыздың барлық күш-жігерін жұмысуын, жоғары коммунистік саналылықты талап етеді.

Ұлы мақсат ұлы жігер тудырады. СССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдстың және басқа депутаттардың СССР Жоғарғы Советінің V сессиясында сөйлеген сөздерінде совет халықтарының Коммунистік партияның қарарларына еңбектегі жаңа ерліктерімен, инициативамен, ертерте дұшпандықтың жаңа көріністерімен жауап беріп, бесінші бесжылдықтың алға қойған міндеттерін аброймен орындап жатқандықтары атап көрсетілді.

Халқымыз Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ішкі және сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдайды және оны белсене қолдап отырады. Біздің партиямыз үшін халықтың игілігі мен бақытынан жоғары ешнәрсе жоқ екендігіне совет халықтарының қызығалық тәжірибеде көздері жетті. Халқымызға шын, адал ниетпен қызмет етуімен партия сан миллион еңбекшілер бұқарасының жалынды сүйіспеншілігіне және шексіз сеніміне бөленген.

Ленинизм, коммунизм өздігінен келмейді, оны орнату үшін, бұл жолға бүкіл совет халқының өскен, өркендеп отырған барлық творчестволық күшін аянбай жұмеу керек, халықтың коммунистік саналылығын үздіксіз арттырып, коммунистік тәрбие жұмысын күшейту керек, деп үйретеді. В. И. Ленин капитализм құлдығынан азат болған халық бұқарасында өлшеусіз творчестволық күштер, таланттар, озат өнерлер бар екенін ерекше көрсетті. Коммунистік партия бағыттап отыратын миллиондаған адамдардың саналы ерлік еңбегі,—тарихтың барысын орасан тездетудің, өндірлі күштер дамуының бұрынсоңы болмаған қарқынның, жаңа коммунистік қоғам өмірінің барлық жағынан гүлденуінің көзі болып табылады.

Коммунистік партия—коммунизм құрылысының дем берушісі және ұйымдастырушысы, ол бұқараның творчестволық жігерін оятып, оны үздіксіз дамытады, қалың бұқараны күшін біріктіреді, мақсаты, болашақты айқындап береді, жеңіске сенімді арттырып отырады, күшті арттырып, дамуды тездетеді. Совет халқының ұстазы—Коммунистік партияның ролі, міне, осында.

Партиялық насихат дерексіз, құрғақ насихат болмауға тиіс. Партия насихаттық жұмыста маркстік-лениндік теорияны үйренуге дүмшелікпен, доғашылдықпен қар-

Елдеріне қайтқан корей соғыс тұтқындары американдықтардың зұлымдықтарын әшкерелеуде

Синьхуа агенттігінің хабары

ПЕКИН, 3 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

Корей Халық армиясы жеке құрамының Кочжедо аралынан елдеріне қайтқан соғыс тұтқындары американдық әскерлерін мыналар үшін айыптаған: американдықтар 10 августа Кочжедо аралындағы № 15 лагерьдің № 2 секторында 600 соғыс тұтқынына қарсы химиялық бомбалар қолданған.

Кочжедо аралындағы № 15 лагерьдің № 6 секторында болған (бұл сектор № 2 сектордың қарсысына орналасқан) елдеріне қайтарылған соғыс тұтқындары Цой Ин Чер, Цой Чжунь Сун және Ким Кук Ион бұл фактіні өз көздерімен көрген. Цой Чжунь Сунның айтуына қарағанда, корей Халық армиясының құрамының № 2 секторда болған 600 соғыс тұтқыны 10 августа американдық әскер орындарынан Қызыл Крестің корей және қытай өкілдерімен кездесуге мүмкіншілік беруді сұраған. Сонымен қатар, американдықтар құпия тұтқында ұстап отырған корей Халық армиясының тұтқындағы солдатты Пак Сан Хенді босатып, еліне қайтаруды талап еткен. Бұл талаптарға жауап ретінде сол күні кешкі сағат 6-да қаруланған американдық 300 солдат бастарына противозащитный газ таратты. Бұл

солдаттардың жартысы майордың басқаруымен секторға басып кіріп, соғыс тұтқындарына химиялық бомбалар лақтыра бастаған. Соғыс тұтқындары бірден темірмен қапталған үйге тығылып, терезелерді одеялдармен жауып тастаған. Бұдан кейін американдық солдаттар отнеметтер қолданып, одеялдарды өртеген, үйдің терезелерінен химиялық бомбалар тастай бастаған.

Цой Ин Чер жараланған бір соғыс тұтқынының өңімесін айтқан. Ол соғыс тұтқыны американдықтардың көзден жап ағызатын, тұншықтыратын және адамның денесін ісіндіріп жіберетін газдарды толтырылған жалпы саны 900-ге жуық бомбалар тастағанын өз көзімен көрген. Осының салдарынан 550-ден аса тұтқындар жараланған. Ал, үш адам (оның ішінде Ким Лен Чу және Ким Сук Чун бар) өлген.

Ким Кук Ион американдықтар бұл оқыйғадан кейін шамасы екі аптадан соң № 2 секторға бір колонна автомашиналар жібергенін және одан барлық соғыс тұтқындарын алып кеткенін, тұтқындар жөнінде содан бері ешбір хабар жоқ екенін айтты. Мұның үстіне ол американдықтар құпия тұтқында отырған барлық тұтқындар жөнінде тиісті есеп беруге міндетті деп айтқан.

Ипалвян еңбекшілерінің еңбек ету прэвасы үшін күресі

РИМ, 3 сентябрь. (СОТА). «Унита» газеті өнеркәсіп орындарынан жұмысшыларды босатуды тоқтатудан үкіметтің бастартуы нәтижесінде Италияның еңбекшілері жұмысшыларды босатуға қарсы табандылықпен күресе бастағандығын хабарлады. «Терни» заводының еңбекшілері 2 мың жұмысшының босатылуына наразылық ретінде 4 және 5 сентябрь күнін ереуіл күні деп жариялаған. 1948 жылдан бастап «Терни» мемлекеттік қоғамның металлургия, металл өңдеу, электр-химия және басқа

өнеркәсіп орындарында 6 мың жұмысшы жұмыстан шығарылған.

«Сака» (Бриндизи қаласы) фабрикасының бес күн бойы ереуіл жасаған еңбекшілері 50 жұмысшының орында қалдырылуына жетіскен және цехтардың біреуінің жабылу хауліпін жойған.

Венециядағы мақта-мата фабрикасының 530 еңбекшісі жұмыс аптасын 48 сағаттан 24 сағатқа дейін қысқартуға қарсы күрестің шараларын бірлесіп талқылау үшін жыйналыс өткізген.

Иранның бұрынғы дипломатиялық өкілдерінің Иранға қайтып келуден бастартуы

ПАРИЖ, 3 сентябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегернаннан былай деп хабарлады: Иранның орыннан түскен Париждағы елшісі Багер Каземи, Брюссельдегі кіші елшісі Амир

Алаи Шамсуддин, Римдегі елшісі Нисам Хадже Нури және Багдадтағы елшісі Мозаффар Алям өздерінің Иранға қайтып бармайтын ойы бар екенін мәлімдеген.

Бразилияда ашыққандардың бүліншілік жасауы

МОНТЕВИДЕО, 3 сентябрь. (СОТА). Бразилияның «Импrensa популар» газетінің шабуына қарағанда, ашыққан 1500 шаруа өздеріне тамақ табу үшін Сеар штатындағы Каскавел қаласына «шабуыл жасаған». Газеттің атап көр-

сеткеніндей, қуаңшылыққа ұшыраған Сеар штатындағы мыңдаған шаруалар тіпті өмір сүруге қажетті қаржысыз қалған. Мұның үстіне шаруалардың ашығуына қоғамдық жұмыстардың тоқталуы да себеп болған.

ерекше атап көрсеткен болатын.

«Жұмыс істемеушілердің бас пайдасына емес,—деп жазды В. И. Ленин «Ұлы бас-тама» деген еңбегінде,—олардың «жақын-дарының» пайдасына да емес, олардың «алыстарының» пайдасына түсетін, яғни бүтіндей бүкіл қоғамның, әуелі бір социалистік мемлекетке, оған соң Совет Республикаларының Одағына бірлескен оң және жүз миллиондаған адамдардың пайдасына түсетін әрбір пұт астықты, көмірді, темірді, тағы басқа азық-түліктерді сақтау үшін, еңбек өнімділігін арттыру үшін, ауыр еңбекті жеңіп шығатын қарапайым баяй жұмысшылардың жанқиярлық қамқорлығы туған жерде—міне осындай жерде ғана коммунизм басталады».

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің басты жеңістерінің бірі жана адамды — коммунистік қоғамның белсенді құрылысшыларын, басқарушысын тәрбиелеу болып табылады. Совет адамы—біздің заманымыздың алдыңғы қатарлы саналы адамы. Оның өзгешелігі коммунистік саналылық дәрежесінің жоғарылығында, принциптілігі мен іскерлігінде, Отанына шын берілгендігінде, мемлекеттік тапсырмаларды түсінетіндігінде, коммунизм ісіне сенімді, оған шын берілгендігінде, ленинизм идеяларының салтанат құратындығына сенетіндігінде. Совет халықтарын рухтандыра отырып және ленинизмнің ұлы туынастыра топтастыра отырып, Коммунистік партия коммунизм орнату жолындағы қауіпсіздік күрестің барысында еңбекшілердің мінсезіндегі жаңа коммунистік белгілерді, тамаша адамгершілік қасиеттерді—негізгі мақсатқа жету жолындағы табандылықты және қандай да болса кездескен барлық қиыншылықты жеңе алатын мінезді етіп тәрбиелеп өсіріп, жетілдіріп келді және өсіруде.

Социалистік көп ұлтты мемлекетті орнату және нығайту жолындағы күресте, бұрын мешуе, артта қалған елімізді қуатты индустриалық-колхозды державаға айналдыру жолындағы күресте, бесжылдықтарды орындау және асыра орындау жолындағы күресте, елімізде мәдениет революциясын жасау жолындағы күресте, халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау жолындағы неміс фашизміне қарсы күресте, — совет адамдары коммунистік тәрбиенің ұлы мектебінен өтті. Совет адамдарының сана-сезіміндегі ескі, капиталистік қоғамның қалдығының бірте-бірте жоюы, адамдарымыздың сана-сезімінің өзгеруі, олардың саяси білімі мен іскердіктерінің өскендігін айта келіп, А. А. Жданов Ленинградтың активінде жасаған баяндамасында былай деді:

«Халқымыз күн санап өрлеп келеді. Біз кеше қандай болсақ, бүгін ондай емеспіз, ертең бүгінгіміздей болмаймыз. Біз көзір 1917 жылға дейінгі орыстар емеспіз. Біздің Русь елі де, мінез құлқымыз да өз кезегідей емес. Еліміздің бейнесін мүлде өзгерткен ұлы өзгерістермен бірге біздер де өзгеріп, өтік».

Совет халқының неміс фашизміне қарсы Ұлы Отан соғысы жылдарында мейлінше айқын көрінген совет патриотизмі, социалистік Отанға шексіз берілгендігі, совет адамдарының дүниеге жаңа көзқарасы, жаңа коммунистік моральдің негізгі белгі-

Коммунистік партия, Совет мемлекеті капитализмнің адам сана-сезіміндегі қалдықтарына қарсы, еңбекке, қоғамдық меншікке ескі қозғалыстың қалдықтарына қарсы, буржуазиялық ұлтшылдық көзқарастың қалдығына қарсы бітіспес күрес жүргізіп келді және жүргізуде. Партиямыз совет халықтарын ленинизм рухында тәрбиелеуде тарихи табыстарға жетті. Адамдарымыздың сана-сезімінде де үлкен өзгерістер жасалды. Совет адамдары мемлекет мүддесін, коммунизм ісі жолындағы күрес мүддесін бәрінен де жоғары санайтын дәрежеге жете бастады. Совет адамдарының жоғары саналылығы олардың Отанымыздың игілігіне деген жанқиярлық творчестволық еңбегінен айқын көрінуде. Халқымыздың саналылық дәрежесі неғұрлым жоғары болса, олардың коммунистік құрылысқа қатысуы да соғұрлым күшті бола бермек, халқымыздың социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуі де жеделлене бермек.

Сондықтан да көзір тарихи жағдайда, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуді іс жүзінде жүзеге асырып жатқан кезеңде, совет адамдарына коммунистік тәрбие берудің, адамдардың санасындағы капитализм қалдықтарын жоюдың маңызы бұрынғыдан да гөрі шешуші орын алып отыр. Совет адамдарына саяси-идеялық, коммунистік тәрбие беру ісінің маңызылығы тек ішкі жағдайымызға ғана байланысты емес, көзір халықаралық жағдайдың шиеленісуіне де байланысты болып отыр. Көзір адам баласы өз тарихының бұрылық кезеңдерінің бірінде тұр. Бүкіл дүниежүзілік цивилизацияның белешектегі даму бағыты жөнінде, адамзаттың болашақ дамуы бейбітшілік жолмен бе, жоқ ұлы қырғын дүниежүзілік соғысқа ұшырау жолымен бе деген мәселелер қарама-қарсы екі лагерьдің, демократияшыл лагерь мен империалистік лагерьдің арасында талқыланып жатыр.

Ленинизм—еңбекшілердің ұлы интернационалдық ілімі. Ленинизм — халықтық демократия елдері мен қытай еңбекшілерінің социализмнің жеңуі жолындағы күресінің туы болып отыр. Совет Одағының қалыптасуы туысқандық жәрдеммен құрылған халық демократия елдерінің, Қытай Халық Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының еңбекшілері барған сайын социалистік құрылыста жаңа табыстарға жетуде. Ленинизм туы астында демократия мен социализмнің қуатты лагері өсуде және нығайуда. Бұл тарихи дамудың заңдылығы екені тәжірибе жүзінде дәлелденуде.

Ленинизм—бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресінің туы болып отыр. Бейбітшілік, демократия жолындағы күрескерлердің қозғалысы, отар және тәуелсіз елдердің ұлт-азаттығы үшін империализмге қарсы қозғалысы барған сайын кең өріс алып, миллиондаған жай адамдарды қозғалысқа қатынастыруда. Бұл қозғалысты басқарып, ұйымдастырып және рухтандырып отырған коммунист және жұмысшы партияларының беделі мен ықпалы барған сайын артауда. Мұны И. В. Сталин қоғамның тарихи дамуының заңдылығы деді.

өшпін ауымына түсетін, ол Совет мемлекетіне қарсы күрестің солғуына қатаң құралдарын қолданатынын насихатшыларымыз бен үгітшілеріміз совет адамдарының өсіне үнемі салып отыруға тиіс. Көзір халықаралық жағдайда қырағылдыты бәсеңдетуде болмайды. Бізде буржуазиялық идеологияның, жеке меншіктілік психология мен моральдің сарқыншақтары әлі де бар екенін, буржуазиялық көзқарастар мен буржуазиялық моральді таратушылар — тірі адамдар, совет халқының астыртын жаулары жоқ емес екенін естен шығаруға болмайды.

Көзір социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту жағдайында Совет Одағының ішкі және сыртқы халықаралық жағдайларын нығайту, еліміздің қорғанысқа қуатты арттыру, экономикалық, мемлекеттік, мәдениет құрылыстарда күш біріктіріп, бесінші бесжылдық жоспарды орындап, коммунизмге қарай алға басуымыз қадірларымызды марксизм-ленинизм ғылымымен қаруландыруға тығыз байланысты, халқымызды коммунистік рухта тәрбиелеуге байланысты болып отыр.

И. В. Сталин: біздің кадрларға маркстік-лениндік тәрбие беру ісі нашарлай бастама, — олардың саяси және теориялық білім дәрежесін арттыру жөніндегі жұмысымыз бәсеңдесе, олар жоғарыдан берілген нұсқаулардың мәніне көз жібермей, беталды орындап отыратын іскерсіз адамдарға айналса, — онда біздің бүкіл жұмысымыз нашарламай қоймайды, деген болатын.

СОМП Орталық Комитеті, партия мүшелерінің, барлық партия, совет, шаруашылық кадрларының марксизм-ленинизм негіздерін терең оқып үйренуіне керекті жағдайдың бәрін жасады. Бірақ, біз қалың бұқараға коммунистік тәрбие берудің қолымызда бар құралдарын толық пайдаланбай келеміз. Маркстің, Энгельстің, Лениннің және Сталиннің шығармалары Совет Одағында 850 миллионнан астам дана болып басылды. Бұл еңбектердің басым көпшілігі барлық ұлттардың тілінде басылды.

В. И. Ленин шығармаларының төртінші рет басылуы аяқталады. Совет халқының, барлық кадрларымыздың идеялық-саяси жағынан білімін толықтырып, шынығуы үшін «СОМП тарихы қысқаша курсының» баға жетпес маңызы барлығы түсінікті.

Республикамыздың партия ұйымдары XIX партия съезінің қаулысына сәйкес кадрлардың, коммунистердің маркстік-лениндік оқуын ұйымдастыру ісін, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмысын едәуір жақсартты. Республиканың облыстары мен аудандарында көптеген партия оқуы орындары құрылды. Коммунистердің басым көпшілігі партия оқуына тартылды. Насихатшылардың құрмы жақсартылды. Бірақ, әлі де марксизм-ленинизмді насихаттау ісінің көзір дәрежесі алда тұрған орасан зор міндеттердің талабына сай емес.

Көзір партияның басты міндеттері, делінген партияның Уставында, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолымен коммунистік қоғам орнату, қоғамның материалдық және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыра беру, қоғамның мүшелерін

раудың жойылуын талап етеді. Маркстік-лениндік теорияның догма емес, іске басшылық екенін естен шығармау керек. Партия барлық коммунистерден марксизм-ленинизмнің творчестволық сыйпатын, оның жеке тұжырымдары мен қиындарын емес, оның революциялық ілімінің жеңімпаздық, дүниені өзгертушілік мәнін берік ұғуды талап етеді. Осы негізде еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруді талап етеді.

Партия жеке адамның қасиетіне табыну теориясын насихаттауды партиялық насихаттың практикасынан жоюды талап етеді. Партия жеке адамның қасиетіне табыну партияның, оның басшы орталығының ролін төмендетуге, партия бұқарамен совет халықтарының творчестволық белсенділігін кемітуге әкеліп соғады, деп үйретеді.

Партиялық басшылықтың, идеологиялық жұмыстың басты міндеті — кадрларымызды марксизм-ленинизм ғылымымен қаруландыру, партияның саясатын күн сайын еңбекшілерге түсіндіріп отыру, оларды бұл жұмысты жүзеге асыруға жұмылдыру, бұқара арасында коммунистік тәрбие жұмысын күшейту. Көзір кездегі басты міндетіміз партияның XIX съезінің қарарлары мен Орталық Комитеттің пленумының қаулысына бұқараға кеңінен түсіндіру, сөйтіп, оның ойлағыдай орындалуы үшін совет адамдарының саналылығын арттыра беру болып табылады.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінің жемісті болуы үшін басшы кадрларымыздың өздері жаңаны өзгінші болуы керек, бұқарамен байланысын күшейте беруі керек, бұқараның үніне құлақ қойып отыруы керек. Кездескен қиыншылықтарды жоюда, ескілікке, заманы өткенге, капитализмнің адам сана-сезіміндегі қалдықтарына қарсы күресте партиямыздың сыналған әдісі — сын мен өзара сын болып табылады. Сын мен өзара сын жұмыстағы кемшіліктерді жоюға көмектеседі, ұйымшылдықты арттырады, социалистік еңбек тәртібін нығайтады, жаңаның өсуін қамтамасыз етеді, бұқараның белсенділігі мен қаналылығын көтереді, олардың саяси қырағылығын арттырады. Сын мен өзара сын—біздің дамуымыздың заңы, совет қоғамының қуатты қозғаушы күші болып табылады.

Кадрларымызды, барлық коммунистерді, барлық еңбекшілер бұқарасын И. В. Лениннің коммунизм туралы ғылымымен үнемі қаруландырып, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмысын күшейту—партия ұйымдарының басты міндеті. Коммунистік құрылыстың ұлы программасын жүзеге асыру мүдделері партия ұйымдарынап халқымызға коммунистік тәрбие беру жұмысын күшейтуді, идеологиялық жұмысты партиямыздың алдында, совет халқының алдында тұрған тарихи міндеттер дәрежесіне көтеруді талап етеді.

Ленинизм идеяларымен рухтанған халқымыз Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмге қарай берік сеніммен алға басып келеді.

З. БЛАҚБАЕВ,
Қазақстан КП Орталық Комитетінің лекторы.

БЕРЛИН, 3 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің Финстервальдан берген хабарына қарағанда, премьер-министрдің бұрынғы орынбасары және Төменгі Саксония жерінің бұрынғы ауылшаруашылығы министрі доктор Гереке Батыс

Германияның сайлаушыларын 6 сентябрьде болатын сайлау кезінде Аденауэр тобына қарсы дауыс беруге шақырғач. Сонымен қатар, ол өзінің шақыруында біріккен ұлттық үкімет құруды мүмкін етуі қажетін атап көрсетеді.

ЛОНДОН, 3 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі электр өнеркәсібі жұмысшыларының кәсіподағына кіретін жұмысшылардың ереуілі екіші сентябрьде Лондон докторін де қамтығанын хабарлады.

Англияда электршілердің ереуілі
Ереуілге атомдық ғылыми-зерттеу орталықтарының, металлургия заводтарының, станок жасау заводының және басшышылардың ереуілі екіші сентябрьде Лондон докторін де қамтығанын хабарлады.

МОНТЕВИДЕО, 3 сентябрь. (СОТА). Бразилияның «Импренса популяр» газетінің шабарына қарағанда, Рио-де-Жанейродағы шыны өнеркәсібінің 4 мың

Бразилиядағы ереуіл
жұмысшысы ереуіл жариялаған. Ереуілшілер жалақының арттырылуын талап етеді.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА
«БАТЫЛДАР АЛАҢЫ»
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА
«ОЛАР БЕСЕУ ЕДІ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТ АТКОМИНІҢ «ҚАЛА ІШІНДЕ ШӨП ҮЮГЕ ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ» 1952 ЖЫЛҒЫ 11 АВГУСТАҒЫ № 8 ҚАУЛЫСЫНА КЕЙБІР ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Совет аткомінің міндетті қарары 31 июль 1953 жыл № 4 Петропавл қаласы

1. Кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары мен жеке үй иелерінің қала ішінде шөп үюіне тыйым салынсын. Ұйымдар мен жеке үй иелерінің арнаулы шөп сақтайтын орындарда бір бас малға әр кеткенде 5 тәуліктік мал азығын ұстауына рұқсат етілсін.

2. Шөп үю үшін 1952 жылғы бөлінген жерлерге тұрғын үйлер салынуға байланысты кәсіпорындары мен ұйымдардың және жеке адамдардың қажетті шөптері мына жерлерге үйілсін:

- а) қаланың оңтүстік-батыс бөлегінде — Киров көшесінің (дақ жағы) шегіндегі жерге;
- б) Ойқала ауданында — Крупская көшесінің шетіндегі жерге;
- в) Новая көшесінің шетіне (жүп жағы) Орталық жылыту станциясына қарай;
- г) қаланың солтүстік-шығыс бөлегінде — ет комбинатының сыртына;
- д) жұмысшы поселкесі ауданында Восточная көшесінің шетіндегі ордың ар жағына және Жаңа Ленин көшесі шетіндегі елді жерден 200 метр жерге;
- е) қалалық коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен мекемелердің заявкасы бойынша шөп үю үшін осы пунктте көрсетілген аудандардан жер участкасын бөлуге міндеттендірілсін.

3. Осы міндетті қарарды бұзушы айыпты адамдарға әкімшілік жолмен 100 сом мөлшерінде айып салынады немесе бір ай мерзімге еңбекпен түзеу жұмысына жіберіледі.

4. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күннен соң күшіне кіреді және Петропавл қаласы жерінде бір жыл бойы күшінде болады.

5. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылау милиция орындары мен ішкі істер министрлігінің мемлекеттік өрт күзетіне жүктелсін.

Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің председатели
М. САВИН,
Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің секретары
Б. КӘРІМБАЕВ,